ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

29 қараша МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АЛАТАУ айғағы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 124 (573) // 12 қараша // бейсенбі // 2026 жыл

HALYQARALYQ QAZAQ TILI QOGAMY

Мемлекеттік тіл – елдіктің мызғымас тұғыры



Ана тілі – халықтың жүріп өткен жолынан сыр шертетін, ғасырлар қойнауынан жеткен асыл мұра. Ол – ұлттың жадын жаңғыртып, рухын асқақтататын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын қастерлі қазына. Тіл бар жерде – тарих бар, тіл бар жерде – тұтастық бар. Сондықтан ана тілінің абыройын асқақтату, оның қолданыс аясын кеңейту – бір күннің немесе бір мекеменің ғана міндеті емес, тұтас елдің еңсесін тіктейтін ортақ мұрат. Осы тұрғыдан келгенде, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында сөйлеген сөзі айрықша мәнге ие. Президент мемлекеттік тілдің бүгінгі тынысын таразылап, оның ертеңгі өрісіне жол ашатын өзекті мәселелерді ортаға салды. Қазақ тілінің білім мен ғылымдағы, өндіріс пен технологиядағы, күнделікті қоғамдық өмірдегі орнын нығайтуға қатысты нақты міндеттерді атап көрсетті. Бұл – тілдің тағдырын елдің дамуымен, ұлттық бірлікпен және заман талабымен сабақтастыра қарастырған маңызды ұстаным.

● Құралбек СӘБИТОВ

Тіл құрылтайында Мемлекет басшысы ең алдымен қазақ тілінің ел өміріндегі айрықша орнын сөз етті. Оның Ата Заңдағы мәртебесімен қатар, халықты бір мақсатқа ұйыстыратын рухани күш екенін алға тартты. «Қазақ тілі Тәуелсіздігіміздің мызғымас символы, Отанымыздың мемлекеттік тілі, ұлтымыздың мәңгілік жаны ретінде қабылдануы қажет» деген сөзі – осының айқын көрінісі. Расында, мемлекеттік тілдің мерейі биік болуы үшін оған деген құрмет сөз жүзінде ғана қалып қоймай, күнделікті тіршіліктен, әр саланың жұмысынан көрініс табуы керек. Тілді құрметтеу – елді құрметтеу, ал оның қадірін арттыру – Тәуелсіздіктің тұғырын бекемдеу. Президент қазақ тілінің қуаты ел экономикасының, ғылымы мен технологияның дамуымен де тығыз байланысты екенін айтты. Өркендеген мемлекеттің тілі де өрісті болатыны белгілі. Сондықтан ана тілімізді тек тұрмыстық қарым-қатынас құралы ретінде емес, күрделі ғылым мен өндірістің, заманауи білім мен кәсіби ортаның тіліне айналдыру маңызды. Бұл ретте құрылтайда келтірілген деректер көңілге сенім ұялатады. Мемлекет басшысының айтуынша, биыл мектеп табалдырығын аттаған балалардың 71 пайызы қазақ сыныптарына қабылданған. Былтыр жарық көрген алты мыңнан астам кітаптың 70 пайызы қазақ тілінде басылып шыққан. Ал биыл елімізде түсірілген 71 фильмнің 63-і ана тілімізде ұсынылған. Бұл – қазақша білім алуға, кітап оқуға, отандық туындыларды ана тілінде тамашалауға деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсететін көңіл қуантарлық көрсеткіштер. Дегенмен мұндай жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды, қазақ тілінің көсегесін көгерту үшін оны ғылымның, техниканың, медицинаның, құқық пен экономиканың да еркін тіліне айналдыру қажет. Құрылтайда осы мәселеге айрықша назар аударылды. Президент инженерия, медицина, құқық, экономика және ақпараттық технологиялар секілді күрделі салаларды қазақ тілінде меңгеруге мүмкіндік жасау керегін жеткізді. Ол үшін сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу, ғылыми еңбектерді ана тілімізде жазу, салалық терминдерді бірізді жүйеге түсіру маңызды. Ғылыммен біте қайнасқанда ғана тілдің тынысы кеңейетіні хақ.

Ұлттық құндылық ұлықталған жиында терминология мәселесі де орынды қозғалды. Мемлекет басшысы тілге жаңа сөз енгізгенде оның табиғи қалпына, халыққа түсініктілігіне және қолданыстағы қисынына мән беру қажеттігін жеткізді. «Күйсандық», «қылтима», «субұрқақ», «себезгі», «жеделсаты» секілді атауларды мысалға келтіріп, кейбір жасанды сөздердің кері әсеріне назар аудартты. Шын мәнінде, тілге жаңалық енгізу – сөзді көбейте беру емес, оның мағынасы мен қолданысын саралау. Жаңа атау жұрттың жадында жатталып, күнделікті қолданысқа сіңгенде ғана өміршеңдікке ие болады. Сондықтан бұл бағытта тіл мамандары, ғалымдар мен сала өкілдері бірлесе жұмыс істеп, ортақ байламға келгені жөн.

Бүгінгі заманның тағы бір талабы – қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі мүмкіндігін арттыру. Қазір ақпараттың басым бөлігі электронды ортада таралып, жасанды интеллект адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Мұндай кезеңде ана тіліміздің технологиядан тыс қалмауы аса маңызды. Осы орайда Президент OpenAI компаниясы жүргізген зерттеуге сүйене отырып, қазақ тілі соңғы үш жылда жасанды интеллект жүйелерінде қолданыс аясы қарқынды кеңейіп келе жатқан тілдердің қатарына енгенін атап өтті. Сонымен қатар Yandex өнімдерін қазақ тілінде пайдаланушылар саны да едәуір өскен. Google компаниясының Gemini тілдік моделіне қазақ тілінің енгізілуі де осы бағыттағы елеулі жаңалықтардың бірі ретінде паш етілді. Мұның бәрі қазақ тілінің жаңа дәуірге бейімделіп, технологиялық мүмкіндіктерін кеңейтіп келе жатқанын аңғартады. Алайда бұл бағыттағы жұмыс әлі де жүйелі жалғасын табуы керек. Мемлекет басшысы ұлттық мұраны цифрландыру, қазақ тіліндегі сапалы ақпараттық өнімдерді көбейту, заманауи технологиялардың игілігін тиімді пайдалану қажеттігін қадап айтты. Әсіресе балаларға арналған қазақша фильмдер мен ойындарды, тілді өздігінен үйренуге көмектесетін түрлі қосымшаларды әзірлеудің маңызына тоқталды. Өйткені бүгінгі бала кітаппен ғана емес, телефон мен компьютер арқылы да білім алып, дүниені танып отыр. Ендеше, сол кеңістікте қазақша мазмұнның мол әрі сапалы болуы қажет. Осы ретте цифрлық мұра қалыптастыру мәселесінің де орны бөлек. Халқымыздың тарихы, әдебиеті, мәдениеті мен рухани қазынасы заманауи технологиялардың көмегімен жүйеленіп, келер ұрпаққа қолжетімді болуы тиіс. Қазақ тіліндегі мәтіндер мен тарихи деректердің электронды қорын көбейту – тек мұраны сақтау емес, оны жаңа заманның игілігіне жарату. Мұндай деректердің молаюы жасанды интеллект жүйелерінің де қазақ тілін тереңірек танып, сауатты қолдануына мүмкіндік бермек. Демек, бүгінгі цифрландыру жұмысы ертеңгі тіл әлеуетінің берік негізін қалайды.

Жиында қазақ тілінің өрісін өз еліміздің шеңберімен шектеп қоймай, халықаралық деңгейде таныту мәселесі де терең қозғалды.

(Соңы 2-бетте)

МАРАПАТ

Облыстық әкімдікте цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласының қызметкерлері марапатталды. Оларға облыс әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаты және өзге де марапаттар табысталды. Шараға аймақ басшысы Шыңғыс Әрінов қатысып, мамандарды кәсіби мерекесімен құттықтады.

САЛА МАМАНДАРЫНА ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ



Суретті түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Облыс әкімі бүгінде цифрлық технологиялар өндірістен бастап, мемлекеттік басқаруға дейінгі барлық саланың жұмыс тәсілін түбегейлі өзгертіп, жаңаша даму мүмкіндіктеріне жол ашып отырғанын атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бізге елімізді толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру міндетін жүктеген болатын. Осы бағытта облысымыздағы шалғай елдімекендерді ғаламтор жүйесімен қамту, «Қолжетімді интернет» жобасы аясында байланыс желілерін тартып, IT-инфрақұрылым сапасын одан әрі жақсарту жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп келеді. Ең бастысы, енгізіліп жатқан сандық технологиялар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, жол-көлік оқиғасын азайтып, адам өмірін сақтауға нақты септігін тигізіп отыр», – деді Шыңғыс Сайранұлы.

Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Жандос Ақыл цифрландыру саласының мақсат-міндеті жылдан-жылға кеңейіп, күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып отырғанын тілге тиек етті. Осыған орай сала мамандарына артылатын жауапкершілік арта беретінін, сондықтан алда сапалы әрі жүйелі жұмыс күтіп тұрғанын жеткізді.

Бүгінде облыста ақпараттық технологиялар саласында 246 компания жұмыс істейді. Жыл басынан бері байланыс қызметтерінің жалпы құны 15,5 миллиард теңгені құрап, өсім көрсеткіші 110,9 пайызға жетті. Әсіресе тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында цифрлық технологиялар тиімді пайдаланылуда. Мәселен, қоғамдық орындар мен жол бойына қойылған 9500-ге жуық камераның арқасында өлім-жітім көрсеткіші 31 пайызға төмендеді. Ереже бұзғандарға айыппұл салынып, бюджетке 11,5 миллиард теңге қаржы түсті. Тұрғындармен кері байланыс орнатуға арналған «109» қызметі арқылы облыс бойынша 73 мыңнан астам азаматтың өтініші орындалды. Цифрлық қадағалау технологиясы арқылы 188 жобаға мониторинг жүргізілуде. Соның нәтижесінде облыста іске асырылған жобалар жергілікті мемлекеттік органдар арасындағы рейтингте тұрақты түрде бірінші және екінші орындарды иеленіп келеді.

Цифрландыру саласына жастарды кеңінен тарту мақсатында да облыста бірқатар игі жоба қолға алынды. Мысалы, Қонаевтағы Alatau Hub орталығында биыл 90-нан астам іс-шара өтіп, оған 1400-ден астам адам қатысты. «Digital Keruen» жобасы арқылы өңірдің түкпір-түкпіріндегі азаматтар ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект туралы білімін жетілдіру мүмкіндігіне ие болды. Хакатондар, Google Cloud шеберханасы және Startup Orda бағдарламалары да жастарды цифрлық салаға баулып келеді.

Қазіргі таңда Алматы облысындағы 376 елдімекеннің 365-і мобильді байланыспен және интернетпен қамтылып, көрсеткіш 97 пайыздан асып отыр. Келесі жылы тағы сегіз ауыл сапалы интернетке қол жеткізеді. Одан бөлек, қолданыстағы желілер 4G стандартына сай жаңғыртылады.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында Алматы облысындағы 85 ауылға талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылып, биыл 29 елдімекендегі әкімдіктер, мектептер мен фельдшерлік пункттер интернетке қосылды. Сондай-ақ аталған желі толық іске қосылғанша 23 ауылға уақытша Starlink стансасы орнатылып жатыр. Республикалық жолдардың бойындағы байланыс сапасын арттыру үшін жыл соңына дейін 17 антенна-діңгек салынып, пайдалануға беріледі. Ал Көлсай мен Шарын туристік аймағында мобильді желілер және Freedom Telecom компаниясының Wi-Fi желісі тегін жұмыс істейді.

Аталған жұмыстың барлығы – цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлерінің табанды еңбегінің жемісі. Осы салада аянбай тер төккен жанның бірі – «Sunqar Tech» ЖШС бас директоры Арман Әлмереков.

«Еңбегім ескеріліп, облыс әкімінің Алғыс хатына ие болғаныма өте қуаныштымын. Кәсіби мереке қарсаңында көңіліміз бір марқайып қалды. Біз цифрлық технологияның көмегімен облыстағы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлесімізді қосып келеміз. Тұрғындарды жылдамдықты асырмай, ережелерді сақтауға шақырамыз. Алдағы уақытта жұмысымызды жетілдіріп, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы қызметімізді жалғастыруға ниеттіміз», – деді марапат иесі.

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

ІС ПЕН НӘТИЖЕ

АЛАТАУ – ӨРЛЕУ ЖОЛЫНДА

Облыс әкімі Шыңғыс Әрінов Алатау қаласының тұрғындарымен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы есеп берді. Жиында Алатау қаласында іске асырылып жатқан жобалар мен алдағы мақсат-міндеттер сараланды. Шараға қоғамдық ұйым өкілдері, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, жергілікті халық қатысты.





Суретті түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Заң қабылданды. Соған сәйкес Alatau City Authority арнаулы басқару ұйымы құрылып, өз жұмысын бастады. Бұл ұйым қаланың стратегиялық құжаттарын бекітуге және оның жүзеге асуына жауапты. Сонымен қатар инвестициялық жобалар мен кәсіпкерліктің дамуына қолдау көрсетеді. Ал қала әкімдігі тұрғындардың күнделікті өміріне қажетті нысандардың дұрыс жұмыс істеуін қадағалап, көшелер мен жолдардың жағдайын, инженерлік желілер, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, білім беру нысандарының жай-күйін жақсарту бағыттарында жұмыс атқарады.

Бүгінде Алатау қаласында бірнеше ірі инвестициялық жобаның құрылысы басталды. Мәселен, инвестиция құны 800 млн АҚШ долларын құрайтын «Iconic Complex» көпфункционалды кешенінің іргетасы қаланды. Жоба аясында 272 метр болатын 56 қабатты ғимарат, қонақ үй, тұрғын үйлер, кеңсе және сауда орындары салынады. Құрылысты 2029 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Нысанды сумен және электр энергиясымен қамтамасыз ету жұмысы толық аяқталды. Сонымен қатар жеке инвестиция есебінен «K-Park» мәдени-іскерлік орталығының құрылысы қолға алынды. Ал құны 45 млрд теңгені құрайтын «Гриффин Логопарк Алматы» жобасы аясында 2 мың жаңа жұмыс орнын ашу көзделуде.

Аймақ басшысы аталған жобалар қаланың іскерлік, мәдени және логистикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Ең бастысы, жаңа өндірістер мен кәсіпорындар жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға және шағын бизнестің дамуына серпін беруі тиіс. Біздің басты мақсатымыз – Алатауды заманауи инфрақұрылымы дамыған, инвестицияға қолайлы, экономикасы қуатты және тұрғындары үшін жайлы қалаға айналдыру», – деді Шыңғыс Сайранұлы.

Қазіргі таңда қала тұрғындарына жайлы жағдай жасау мақсатында бірқатар маңызды жоба қолға алынған. Бұл туралы Алатау қаласының әкімі Әркен Өтенов айтып берді. Оның сөзінше, 9 айдың қорытындысы бойынша сауда-саттық айналымы 13,3 млрд теңгеге жеткен. Ал тартылған инвестиция құны 70 млрд теңгеден асты. Қазіргі уақытта тұрғындар саны 58,3 мыңға жуықтап, жыл басынан бері 3,2 мың адамға өсті. Осыған орай халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында биыл Жаңаарна шағынауданында фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Болашақта «Жетіген» шағынауданында 250 адамға арналған емхана және «Жаңадәуір» шағынауданында 50 емделушіге шақталған дәрігерлік амбулатория салу жоспарланып отыр. Бүгінде жобалық-сметалық құжаты дайын. Сондай-ақ «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Қоянқұста 900 орынды жаңа мектеп ашылды. Нәтижесінде аталған шағынаудандағы үшауысымды білім беру мәселесі шешілді. Спорт саласын дамыту мақсатында биыл «Заречный» шағынауданында 60 орынды дене шынықтыру кешенінің құрылысы басталды. Қазіргі таңда шаһардың инфрақұрылымын дамыту жол картасы іске асырылуда. Соның аясында жалпы құны 35,3 млрд теңгені құрайтын 28 жоба жүзеге асырылып жатыр. Биыл қаланың 9 шағынауданындағы жалпы ұзындығы 40 шақырым автомобиль жолын орташа жөндеуге 1,4 млрд теңге қаржы бөлінді. Аталған жұмыстар жыл соңына дейін аяқталады.

Жиын барысында тұрғындар толғандырған сұрақтарын қойып, оған тұщымды жауап алды. Сауалдардың біразы жерді рәсімдеу мәселесіне қатысты болды. Мамандардың сөзінше, қазіргі таңда қаланың Бас жоспары бекітілген жоқ. Соған сәйкес жер теліміне қатысты құжаттарды рәсімдеу де кешеуілдеуде. Тағы бір тұрғын «Алматы – Өскемен» тасжолына жерасты немесе жерүсті өткелін салып беруді өтінді. Қазіргі таңда аталған жол Алатаудың негізгі көшесіне айналып келеді. Жауапты қызметкерлер Бас жоспарды бекітерде бұл өтініштерді енгізуге күш салатындарын жеткізді. Тұрғындар сондай-ақ мәдени, спорттық және медициналық нысандар жетіспейтінін айтып, балаларға арналған үйірмелер ашылса деген өтініштерін жеткізді. Шыңғыс Әрінов тұрғындардың сауалы ескерусіз қалмайтынын, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, қаланы дамыту бағытындағы жұмыстар кезеңкезеңімен атқарылатынын хабарлады. Сондай-ақ аймақ басшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша да қабылдап, оны шешу үшін басқарма басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Алатау қаласы

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Аграрлық салаға жаңа серпін

Іле ауданындағы «Almaly» агро орталығында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арналған Ашық есік күні өтті. Онда шаруаларға заманауи техникалар мен жеңілдетілген қаржыландырудың мүмкіндіктері таныстырылып, шаруашылықты өркендетудің жаңа тетіктері талқыланды. Егін жинау науқанының аяқталуына орай өткен шарада облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы, ауыл шаруашылығы саласының өкілдері, отандық және шетелдік техника өндірушілері, қаржы ұйымдары мен шаруа қожалықтарының жетекшілері қатысты.

● Құралбек СӘБИТОВ

Дихан үшін уақыттың қадірі ерекше. Әсіресе егін науқаны кезінде техниканың бір күн тұрып қалуының өзі қыруар шығынға әкелуі мүмкін. Сондықтан шаруашылықтың жұмысы жүйелі болуы үшін қолдағы техниканы жаңартып, өндірістік мүмкіндікті арттыру маңызды. Осы мәселені назарға алған «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы мен «Almaly агро» орталығы бірлесіп өткізген шараның берері мол болды. Жиын шаруаларға қажетті ақпаратты бір жерден алуына жағдай жасауымен ерекшеленді. Мұнда олар өзіне керекті трактор мен комбайнды таңдап, мамандардан кеңес алып, жеңілдетілген лизингке өтінім беру мүмкіндігімен танысты. Тіпті осы рәсімді он минуттың ішінде орындауға болатыны айтылды. Сонымен қатар мемлекеттік субсидиялар, қаржыландыру шарттары және техникалық қызмет көрсету мәселелері де кеңінен түсіндірілді.

Іс-шарада алғашқы болып сөз алған Бақытнұр Бақытұлы ауыл шаруашылығының өңір экономикасындағы орнына тоқталып, техникалық паркті жаңартудың маңызын атап өтті.

– «ҚазАгроҚаржы» компаниясының Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалы ұйымдастырған ашық есік күнінің негізгі мақсаты – шаруашылықтардың жұмысын кеңейтуге және жаңғыртуға көмектесу. Ауыл шаруашылығы – облыс экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Ал техникалық паркті жаңарту – сала алдындағы маңызды міндет. Заманауи техникалар еңбек өнімділігін арттырып, шығынды азайтады әрі далалық жұмыстарды уақытылы жүргізуге мүмкіндік береді. Мемлекет шаруаларға жеңілдетілген лизинг пен субсидиялар арқылы қолдау көрсетуді жалғастырады. Almaly агроорталығы алдағы уақытта да әрбір шаруашылықтың сенімді серіктесіне айналады деп сенемін, – деді ол.

Көрме алаңына қойылған техникалардың түрі де, мүмкіндігі де әралуан. Топырақ өңдеуге арналған жабдықтардан бастап, қуатты егін жинау комбайндарына дейін ұсынылды. Мұндағы техникаларды сатып алуға жылдық мөлшерлемесі 5-6 пайыз болатын жеңілдетілген лизинг бағдарламасы қарастырылған. Ал отандық өндірістегі ауыл



шаруашылығы техникаларын алған жағдайда оның құнының 30 пайызына дейін мемлекеттік субсидия есебінен өтеледі. Бұл, әсіресе техника паркін жаңартуды жоспарлап отырған шаруашылықтар үшін тиімді қолдау екені анық. Көрмеге қатысқан компаниялар да өз өнімдері мен қызметтерін таныстырып, шаруаларға нақты ұсыныстарын жеткізді. Солардың қатарында «Агротехменеджмент» компаниясының өкілі Талғат Шахуов көрмеге қойылған техникалардың ерекшеліктері мен шаруаларға ұсынылатын сервистік қызметтер туралы баяндады. Компания Көкшетау қаласындағы зауытта құрастырылатын YTO тракторларын ұсынады. Қуаты 40 ат күшінен 280 ат күшіне дейінгі бұл техникалар әртүрлі шаруашылықтың сұранысына сай келеді. Оларды сатып алушыларға 30 пайыздық субсидия мен «ҚазАгроҚаржы» арқылы жеңілдетілген лизинг алу мүмкіндігі қарастырылған. Бұдан бөлек, жыл соңына дейін трактор сатып алған шаруаларға екі техникалық қызмет көрсету тегін ұсынылады. Компания мамандары қажет болған жағдайда шаруашылыққа өздері барып, қосалқы бөлшектерді де техника орналасқан жерге жеткізеді. «Агротехменеджмент» көрмеге құрылыс, жол және тау-кен өндірісіне арналған LiuGong арнайы техникасын, сондай-ақ бірнеше ауыл шаруашылығы құралының жұмысын алмастыра алатын Farmet топырақ өңдеу жабдықтарын да алып келген. Ал CT Agro компаниясы әлемге танымал Claas, Horsch, Lemken және Geringhoff брендтерінің ауыл шаруашылығы техникаларын таныстырды. Аталған компания осы брендтердің ресми дилері саналады. Сонымен қатар Петропавл қаласындағы бірлескен зауытта астық жинайтын комбайндар мен тракторлар құрастырады. Бұл техникалар да мемлекеттік субсидиялау және жеңілдетілген лизинг бағдарламаларына енгізілген. Мамандар шаруаларға машиналардың мүмкіндіктерін түсіндіріп қана қоймай, оларға сервистік қызмет көрсету бағытындағы жұмыстарды да таныстырды.

Бүгінде егіннің бітік шығуы тек сапалы тұқым мен қолайлы ауа райына байланысты емес. Жердің құнарын сақтау, өсімдікті қорғау, тыңайтқышты қажетті мөлшерде пайдалану да маңызды. Осы бағытта жұмыс істейтін «КосАгроКоммерц» компаниясы көрмеде агрохимия саласындағы өнімдері мен қызметтерін ұсынды. Атап айтқанда, өсімдіктерді қорғау құралдары, минералды тыңайтқыштар мен тұқым түрлері таныстырылды. Сондай-ақ компания мамандары топырақ пен судың құрамын зерттейтін жеке зертхананың мүмкіндіктері туралы айтты.

Олар өз сөзінде егістік алқабына тыңайтқыш енгізбес бұрын топырақтың құрамын зерттеу қажет екенін алға тартып, жердің қандай қоректік затқа мұқтаж екенін білмей, түрлі препараттар мен тыңайтқыштарды қолдану артық шығынға соқтыруы мүмкін екенін жеткізді. Бұл қаражатты үнемдеумен қатар, жердің құнарын сақтауға да септігін тигізеді.

Ашық есік күніне қатысқан шаруалар үшін мұндай кездесудің пайдасы мол болды. Себебі олар техниканы сырттай тамашалап қана қоймай, оның мүмкіндіктерімен танысып, өз шаруашылығына қажетті шешімдерді мамандармен бірге талқылады.

Іле ауданы



Мемлекеттік тіл – елдіктің мызғымас тұғыры

(Басы 1-бетте)

Президент Oxford Qazaq Dictionary жобасын жалғастыруды қолдап, қазақ тілін әлемнің өзге тілдерімен байланыстыратын сапалы екітілді және көптілді сөздіктер әзірлеу қажеттігін ұсынды. Атап айтқанда, қазақ-француз, қазақ-испан, қазақ-қытай, қазақ-араб, қазақ-неміс, қазақ-итальян, қазақ-жапон, қазақ-корей және қазақ-парсы сөздіктерін жасау, сондай-ақ қазақ-орыс сөздігін заман талабына сай жаңарту мәселесі назарға алынды. Бұл бастамалар қазақ тілінің халықаралық білім мен ғылым кеңістігіне жол ашып, шетел жұртшылығының ана тілімізге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Тілдің халықаралық беделі оның әлемге қаншалықты танылғанымен, қаншалықты сұранысқа ие болғанымен де өлшенеді. Осы орайда Мемлекет басшысы қазақ мәдениетін, өнері мен спортын шетелге танытып жүрген азаматтардың еңбегіне мән берді. Себебі ұлттық құндылықты әлемге танытудың жолы көп. Бірі өнерімен, бірі спорттағы жетістігімен, енді бірі ғылымы мен шығармашылығы арқылы ел мерейін үстем етеді. Осындай жетістіктер арқылы қазақтың кім екенін, оның бай мәдениеті мен тілі бар екенін әлем тани түседі. Президент ана тіліміздің келешегіне күмәнмен қарап, орынсыз пессимизмге бой алдырмауға да шақырды. Қазақ елі барда қазақ тілі де тұғырынан түспейтініне сенім білдірді. Бұл – тарихтың талай өткелінен өткен тіліміздің өміршеңдігіне деген берік сенімнің көрінісі.

Құрылтайда мемлекеттік тілдің дамуын өзге тілдерге қарсы қоюға болмайтыны да ерекше атап өтілді. Қазақстан – түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан ортақ Отан. Сондықтан қазақ тілінің мәртебесін көтеру ел ішіндегі татулық пен келісімге нұқсан келтірмей, керісінше, жұртты бір арнаға тоғыстыруы керек. Президент қазақ тілін меңгеріп, оны құрметтеп жүрген өзге этнос өкілдерінің еңбегіне де тоқталды. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде ана тілімізді дәріптеп, оның қолданысын кеңейтуге үлес қосып жүрген азаматтарға ризашылығын білдірді. Мұның өзі мемлекеттік тілдің баршаға ортақ құндылық ретінде орнығуы керектігін тағы бір аңғартады.

Тіл тағдыры туралы сөз болғанда, оның тазалығы туралы да айтпай кету мүмкін емес. Өйткені тілдің қадірі тек қанша адамның сөйлейтінімен емес, қаншалықты сауатты әрі көркем сөйлейтінімен де өлшенеді. Құрылтайда сөз қолданысының жауапкершілігі, тіл тазалығы мен сауаттылық мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Әсресе, ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі сөз саптау мәдениетіне мән беру қажеттігі аңғарылады. Бір ауыз сөздің өзі адамның танымын көрсетіп, қоғамның тілдік талғамына әсер етеді. Сондықтан сөзді орынсыз қолданбай, ойды анық жеткізу, ана тіліміздің табиғи әуезі мен мағынасын сақтау – баршамызға ортақ жауапкершілік. Бұл ретте журналистер мен қаламгерлердің, ұстаздар мен қоғам алдында жүрген азаматтардың міндеті айрықша. Өйткені сөздің салмағын сезіну, тілдің көркемдік қуатын көрсету, сауатты жазу мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру күнделікті еңбектен басталады. Әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған әрбір материалдың тіліне, қолданылған сөздің дәлдігіне мән берген жөн. Тілдің шырайын кетірмей, шұрайын арттыру – қалам ұстаған қауымның басты парызы. Мемлекет басшысының Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында айтқан ойлары мен көтерген бастамалары бір ғана саланың аясымен шектелмеді. Онда білім мен ғылым, экономика мен өндіріс, цифрлық технология, халықаралық байланыс, ұлттық бірлік пен мәдениет мәселелері өзара сабақтастықта қарастырылды. Мұның бәрі мемлекеттік тілдің дамуы қоғам өмірінің барлық бағытымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Тілдің мерейін өсіру үшін мектептегі білім сапасынан бастап, ғылыми зерттеулерге, өндірістегі қолданыстан бастап, ақпараттық кеңістіктегі мазмұнға дейін жүйелі жұмыс қажет. Құрылтайда көтерілген мәселелер – бүгіннің ғана емес, келер күннің де еншісіндегі маңызды міндеттер. Ана тіліміздің абыройын асқақтату үшін оның мүмкіндігін кеңейтіп, заман талабына сай дамуына жол ашуымыз керек. Тілдің тамыры тереңде, тағдыры халықпен бірге. Ғасырлардан жеткен асыл мұраны көздің қарашығындай сақтап қана қоймай, оны жаңа дәуірдің биігіне көтеру – бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі аманат. Президент айқындаған бағыттар осы жолдағы жүйелі жұмыстың бағдарын көрсетіп отыр. Еңдеше, қазақ тілінің мерейі үстем болып, мәртебесі биіктей беруі елдігіміздің еңсесін көтеретін ортақ жетістік болмақ.

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу және қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыру – «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафонының негізгі мақсаты. Ел көлемінде жүзеге асырылып жатқан бұл бастама азаматтарды кітап оқуға ынталандырып қана қоймай, оқу мәдениетін күнделікті өмір салтына айналдыруға бағытталған.

КЕМЕЛ БІЛІМ КІЛТІ

Алматы облысында марафонды іске асыруға арналған кешенді жұмыс жоспары әзірленіп, оны білім беру ұйымдары, кітапханалар, мемлекеттік органдар, жастар ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік серіктестердің қатысуымен жүзеге асыру көзделген. Жоспардың негізгі басымдықтары – қатысушыларды кеңінен тарту, ақпараттық науқан жүргізу, оқырмандық ортаны дамыту және кітап оқу дәстүрін қоғамның барлық санатына насихаттау. 2026 жылғы қазан айындағы мәлімет бойынша, «Кітап оқитын ұлт» марафонына республика бойынша 1 461 604 адам, оның ішінде Алматы облысынан 112 276 адам тіркелген. Бұл көрсеткіш өңірде кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған бастаманың кең ауқымда қолдау тапқанын көрсетеді.

Мемлекеттік органдарда «Оқитын қызметкер» бағытын дамыту да маңызды міндеттердің бірі. Қызметкерлер арасында кітап таныстыру кездесулерін, оқылған шығармалар бойынша пікір алмасуды ұйымдастыру арқылы кәсіби ортада да білімге және өзін-өзі дамытуға деген қызығушылықты арттыруға болады.

Марафонды жүзеге асыруда кітапханалардың орны ерекше. Алматы облысының жұмыс жоспарында өңірдегі 145 кітапхананы ақпараттық және оқырмандық сүйемелдеу алаңы ретінде пайдалану көзделген.

Кітапханаларда оқырмандарға арналған ұсынымдық тізімдер әзірлеу, кітап таңдауға кеңес беру, шығармаларды талқылау, әдеби кездесулер, дөңгелек үстелдер және пікірталастар өткізу қарастырылған. Сонымен бірге жұмыс істеп тұрған оқырман клубтарын жобаға кіріктіру және жаңа клубтар ашу жоспарланған.



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Қатысушылар «Кітап оқитын мектеп», «Кітап оқитын педагог», «Парасат», «Кітап оқитын колледж», «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші», «Кітап оқитын әулет», «Кітап оқитын зияткер», «Кітап оқитын университет» санаттары бойынша бөлінген.

Мектеп оқушылары мен педагогтердің басым үлесі білім беру ұйымдарының марафонды жүзеге асырудағы маңызды рөлін айқындайды. Сонымен қатар колледж білім алушыларының, мемлекеттік қызметшілердің, отбасылардың және басқа да қатысушылардың атсалысуы кітап оқу мәдениетін қоғамда кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді.

Отбасылық бағыттың да маңызы ерекше. Бірге кітап оқу, оқылған шығармаларды талқылау және балаларға оқырмандық үлгі көрсету арқылы отбасындағы рухани байланысты нығайтып, ұрпақтар сабақтастығын дамытуға болады.

Алматы облысында марафонды тиімді ұйымдастыру мақсатында ведомствоаралық үйлестіру, ақпараттық сүйемелдеу және қатысушыларды тарту бағыттары жұмыс жоспарына енгізілген. Жоба аясында білім, мәдениет, жастар саясаты және ішкі саясат салаларының өкілдерін, аудан-қала әкімдіктерін, кітапханалар мен бұқаралық ақпарат құралдарын ортақ жұмысқа жұмылдыру қарастырылған.

Ақпараттық науқан шеңберінде марафонның мақсаты, қатысу тәртібі мен негізгі бағыттарын түсіндіру, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар әзірлеу, қоғам белсенділері мен блогерлерді тарту жоспарланған. Сондай-ақ «Мен оқитын кітап» қысқа бейнероликтер челленджі арқылы оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын әлеуметтік желілерде кеңінен насихаттау көзделеді. Мұндай жұмыстар марафон туралы ақпараттың қолжетімділігін арттырып, оқырман тәжірибесін көпшілікпен бөлісуге және кітап оқуды қоғамдық құндылық ретінде орнықтыруға ықпал етеді.

Жұмыс жоспарына сәйкес, мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында және мемлекеттік органдарда ақпараттық кездесулер өткізу, қатысушыларды тіркеуге қолдау көрсету және тұрақты кітап оқу іс-шараларын ұйымдастыру қарастырылған.

Білім беру ұйымдарында кітап оқу сағаттарын енгізу, «Зерделі ұлт» ақпараттық бұрыштарын ашу, педагогтерді тәлімгер ретінде бекіту және қатысушылардың оқу барысына кері байланыс жүргізу жоспарланған. Бұл шаралар марафонға қатысуды бір реттік науқан деңгейінде қалдырмай, жүйелі оқырмандық дағды қалыптастыруға бағытталған.

Марафонға қоғам қайраткерлерін, мәдениет өкілдерін, журналистерді және блогерлерді тарту да ақпараттық жұмыстың маңызды бөлігі саналады. Олардың кітап туралы ұсыныстары мен оқырмандық тәжірибесі көпшілікке үлгі болып, әсіресе жастардың әдебиетке қызығушылығын арттыруға ықпал ете алады.

«Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны – білімге құштарлықты арттырып, рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған қоғамдық бастама. Алматы облысында 112 276 адамның тіркелуі өңір тұрғындарының осы іске қатысу ауқымын көрсетеді. Бүгінде Алматы облысының әкімдігі жинаған ұпай саны бойынша алда келе жатқан үздік оқырмандарды марапаттады.

Марафон аясындағы ұйымдастырушылық, ақпараттық, мәдени-білім беру және кітапханалық жұмыстардың жүйелі жүзеге асуы кітап оқуды күнделікті әдетке айналдыруға, отбасылық оқу дәстүрін нығайтуға және оқырмандық орта қалыптастыруға негіз болады.

Кітап оқу – жеке адамның дамуына бастайтын жол ғана емес, қоғамның зияткерлік және рухани әлеуетін арттыратын ортақ құндылық. Осы тұрғыдан алғанда, Алматы облысының марафонға қатысуы білімді, ойы терең, рухани бай ұрпақ тәрбиелеу жолындағы маңызды қадам болып саналады.

Ғалия ТОҚАБАЕВА,
Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасының директоры

29 ҚАРАША – МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

Партия штабы ашылды



Талғар аудандық Мәдениет үйінде Respublica партиясы сайлауалды штабының ашылу салтанаты өтті. Жиынға партияның Алматы облыстық филиалының төрағасы, штаб басшысы Ержан Дүйсекенов, осы партиядан облыстық, қалалық және аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер, қоғам белсенділері қатысты.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

Штаб жұмысын ашқан Ержан Нүсіпбекұлы сайлау науқанының маңызы, саяси және қоғамдық дамудың келешегі жайлы өз пікіріп айтып, жиналған жұртқа облыстық және аудандық мәслихаттарға партиялық тізім, сондай-ақ бір мандатты округтер бойынша ұсынылған кандидаттарды таныстырды.

Шара барысында Талғар қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы №2 орта мектептің директоры Зәмзагүл Төлеубекқызы, Тұрар Рысқұлов атындағы №16 орта мектептің директоры Әлия Талғатқызы сөз сөйлеп, өздерінің ұсыныстарын айтты.

Осылайша Respublica партиясының Алматы облысындағы сайлауалды штабы өз жұмысын бастап кетті.

Талғар ауданы

Алматы облысы мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың сайлау қорларына қаражаттың түсуі мен жұмсалуы туралы есеп

2026 жылғы 10 қарашадағы жағдай бойынша, теңге

№	Іс-шараның атауы	Саяси партиялардың атауы			
		«Ауыл» партиясы	«Respublica» партиясы	«Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы	«Әділет» партиясы
1	**Саяси партиялардың сайлау қорына түскен қаражат, оның ішінде:**	**3 100 000,00**	**180 000,00**	**0,00**	**0,00**
1.1	*«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес кандидаттың өз қаражаты*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
1.2	*«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтары мен ұйымдардың ерікті қайырмалдықтары*	*3 100 000,00*	*180 000,00*	*0,00*	*0,00*
1.3.1	*азаматтардан*	*2 000 000,00*	*180 000,00*	*0,00*	*0,00*
1.3.2	*ұйымдардан*	*1 100 000,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2	**Саяси партиялардың сайлау қорындағы қаражатты жұмсауы, оның ішінде:**	**2 280 000,00**	**0,00**	**0,00**	**0,00**
2.1	*Тіркелген кез келген бұқаралық ақпарат құралдарына шығуға*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.2	*Сайлау алдындағы жария іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге*	*2 230 000,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.3	*Баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және (немесе) таратуға*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.4	*Заңды және жеке тұлғалардың үгіт жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты қызметтеріне ақы төлеуге*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.5	*Көлік және іссапар шығыстарын жабуға*	*50 000,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.6	*Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, сондай-ақ өзге де белгілер мен нышандарды тегін тарату үшін дайындауға*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
3	**Сайлау қорының қалған қаражаты**	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
3.1	Республикалық бюджетке аударылды (қаражат қалдығының 2/3)	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
3.2	Кандидатқа, саяси партияға қайтарылды (қаражат қалдығының 1/3)	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*

«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» Акционерлік қоғамының деректері негізінде

Отчет о поступлении и расходовании средств избирательных фондов кандидатов в депутаты маслихатов Алматинской области и политических партий, выдвинувших партийные списки

по состоянию на 10 ноября 2026 года, в тенге

№	Наименования мероприятий	Наименование политических партий			
		Партия «Ауыл»	Партия «Respublica»	Демократическая партия Казахстана «Ак жол»	Партия «Әділет»
1	**Поступления средств в избирательный фонд политических партий, в т.ч.:**	**3 100 000,00**	**180 000,00**	**0,00**	**0,00**
1.2	*Собственные средства кандидата, согласно пп.1) п.2 ст.106 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан»*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
1.3	*Добровольные пожертвования граждан и организаций Республики Казахстан согласно пп.2) п.2 ст.106 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан»*	*3 100 000,00*	*180 000,00*	*0,00*	*0,00*
1.3.1	*граждан*	*2 000 000,00*	*180 000,00*	*0,00*	*0,00*
1.3.2	*организаций*	*1 100 000,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2	**Расходование средств избирательного фонда политических партий, в т.ч.:**	**2 280 000,00**	**0,00**	**0,00**	**0,00**
2.1	*На выступления в любых зарегистрированных средствах массовой информации*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.2	*На организацию и проведение публичных предвыборных мероприятий*	*2 230 000,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.3	*На выпуск и (или) распространение печатных, аудиовизуальных и иных агитационных материалов*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.4	*На оплату услуг юридических и физических лиц по организации агитационной работы*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.5	*На покрытие транспортных и командировочных расходов*	*50 000,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
2.6	*На изготовление для бесплатной раздачи печатных материалов, а также других знаков и символов, специально изготовленных для избирательной кампании*	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
3	**Остаток средств избирательного фонда**	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
3.1	Перечислено в республиканский бюджет (2/3 остатка средств)	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*
3.2	Возвращено кандидату , политической партии (1/3 остатка средств	*0,00*	*0,00*	*0,00*	*0,00*

на основании данных Акционерного Общества «Народный Сберегательный банк Казахстана»

БАЙҚАУ

АҚ БАТА – АСЫЛ МҰРА



Қазақ халқы үшін бата – ұрпаққа өнеге, жүрекке демеу, ізгі тілектің бастауы. Бата арқылы үлкендер кейінгі ұрпаққа ақылын айтып, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ұлттық құндылықтарымыздың мән-маңызын жеткізеді.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ ——

Осыған орай Кеген аудандық жастар ресурстық орталығында «Ақ бата – асыл мұра» атты байқау өтті. Белсенді ұзақ өмір орталығының аудандық филиалы ұйымдастырған тәлімі мол шарада аға буын өкілдері мен жастар қатысты. Мақсаты – жас ұрпақты аталы сөзден ғибрат алып, ұлттық салт-дәстүр мен ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Байқауға қатысқан қарттар бірінші кезеңде жаттаған батасын айтса, «Тапқырлық» кезеңінде берілген тақырыпқа сай ойдан бата шығарды. Үшінші кезеңде ұлттық салт-дәстүр мен құндылықтарға қатысты сұрақтарға жауап берді.

Кеген ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір орталығы филиалының кеңесшісі Бақытгүл Демежанқызы, орталықтың қызмет алушысы Арғынбай Шілікбаев, жастар ресурстық орталығының маманы Жансая Ерболқызы қазылық еткен байқауда қатысушылардың тапқырлығы, сөз саптауы мен бата айтудағы өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударылып, ұлттық дәстүрді білуі және батаны мәнерлеп жеткізу шеберлігі бағаланды.

Сайыс қорытындысы бойынша I орын Бейсенгүл Әмірхановаға бұйырды. II орынды Советхан Салықбаева иеленсе, III орынды Камила Мұқашева алды. Қалған қатысушылар байқауға белсенді қатысқаны үшін арнайы номинациялармен марапатталып, сый-сияпаттар табысталды.

Осылайша, шара көтеріңкі көңілкүйде өтіп, аға буын мен жастар арасындағы сабақтастықты нығайтуға, ұлттық тәрбиені дәріптеуге өз үлесін қосты.

Ақ бата – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын рухани қазына! Ұлттық дәстүрімізді ұлықтап, үлкеннің батасын алуды және оны қадірлеуді ұмытпайық!

Кеген ауданы

Таза Қазақстан

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында Балқаш ауданының орталығындағы С.Сейфуллин көшесінің бойына 200 қылқанжапырақты ағаш көшеті отырғызылды. Игі іске өңірдегі мекеме-ұйымдардың қызметкерлері белсенді қатысып, туған жердің табиғатын көркейтуге үлес қосты.

Ауыл ажарлана түсті

Шараны ұйымдастырудағы мақсат – қоршаған ортаның тазалығын сақтап қана қоймай, аудан орталығын жасыл желекке бөлеу, көше көркін ашып, табиғатқа деген жанашырлықты арттыру. Әрбір отырғызылған көшет – болашаққа жасалған инвестиция, келер ұрпаққа қалатын табиғи байлық.

Қылқанжапырақты ағаштардың ерекшелігі – жылдың төрт мезгілінде де жасыл қалпын сақтап, айналаға ерекше сән беретіні. Сонымен қатар олар ауаны тазартып, шаң-тозаңды азайтуға және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Сондықтан мұндай көшеттерді көбейту – елдімекеннің экологиялық ахуалын жақсартудың маңызды бағыттарының бірі.

Осындай ортақ іске мекеме-ұйым қызметкерлерінің бір кісідей атсалысуы туған жерге деген жанашырлықтың жарқын көрінісі болды. Өйткені туған өлкенің көркеюі – тек бір мекеменің немесе белгілі бір азаматтардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Бүгін отырғызылған әрбір тал ертең ауыл тұрғындарына сая болып, аудан орталығының ажарын аша түсетініне күмән жоқ.

«Таза Қазақстан» бағдарламасының негізгі мәні де осында. Ол – қоршаған ортаны таза ұстауға үндейтін науқан ғана емес, әрбір азаматтың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті қалыптастыратын игі бастама. Тазалық пен тәртіпті сақтау, ағаш отырғызу, оны күтіп-баптау – елдімекеннің ертеңіне бейжай қарамайтын әрбір жанның азаматтық міндеті.

Бұған дейін де аудан көлемінде қоршаған ортаны көркейту бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Ел игілігіне бағытталған бұл іс алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, жасыл желек туған жеріміздің ажарын аша түспек.

Бақтығали ДӘУІТБАЙ
Балқаш ауданы

ДӘСТҮРІМ – ДИДАРЫМ!

Тәуелсіздік алғалы бері халықтың қаперінен шығып бара жатқан асыл қазынамыздың қайнар көзі – ұлттық құндылықтарымыз қайта жаңғыра бастады. Соның тағы бір жарқын көрінісі – Әйтей ауылындағы Бектенбай Қосынов атындағы орта мектепте өткен сәбиді бесікке бөлеу шарасы. Осынау ауыз толтырып айтарлық, жас ұрпаққа тәлімді тәрбие берерлік маңызы зор кешті ұйымдастыруға мұрындық болып, белсене атсалысқан – Әйтей ауылдық округінің әкімі Жарқын Қатубаев, ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Амангелді Шәріпқұлов, «Асыл ана» ұйымының төрағасы Әлия Сатыбалды мен мектеп директоры Айман Төлепбергенова.

Балаңызды бесікке бөлеңіз

Ұрпақ сабақтастығымен ұштастырыла жүргізілген осы бір игілікті істе қатысушылардың басым көпшілігі ұлттық киімдерін киіп, салтанатты жағдайдың ажарын айқындап, аша түскендей әсер қалдырады. Сондай-ақ ауылдан шыққан қолөнер шеберлерінің алуан түрлі жәдігері көңіл қуантты. Әуелеген әсем ән мен тәтті күй де жан жадыратты. Бәрінен де ауыл ақсақалы Серғазы Қырғызовтың игілікті іс-шараның беташарына жасаған ақ батасы елді елең еткізбей қоймады. Жоспарланған бағдарламаға сәйкес, «Бесікке бөлеу – ұлттық тәрбие бастауы» атты мерекелік-танымдық кеш өзіндік өріс тапты. Бұл шара ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең – бесігіңді түзе!» деген аталы сөзімен астарласып жатқаны айтпаса да түсінікті. Бесікке бөлеудің жөн-жоралғысы көненің көзінен келе жатқан өзіндік мән-мағынасымен бастау алды. Ақ кимешек киген аналар тобы мен соңынан ерген ізбасарлары, мұрагерлер қаумалап, бар ынта-ықыластарымен игі шараны тамашалауға ден қойды. Ауыл әжесі атанған ардақты ана Бақытгүл Қуантаева екі дәуір тоғысына сай бесікке бөлеу рәсімін бастады.



Киіз үйдің ішіндегі салтанатты сәттің мәні мен сәніне ешкім де немқұрайлы қарай алмады. Өйткені өмірден бейхабар жас нәрестені бесікке бөлеу шарасына кім болса да, қызыға қарады. Олардың көкірекке түйгендері мен көңіліне тоқығандары көп болды. Бұған, әсіресе, жас аналар жағы айрықша қарағаны анық көрінді. Сәбиді бесікке бөлеген ақ әже алдында тұрған жас аналарға игі істің қадір-қасиетін ұсақ-түйегіне дейін қағыс қалдырмай, басынан аяғына дейін байыппен баяндап берді. Әрине, бұл жағынан жас аналармен қатар отырған адамдар да жан-жақтан сұрақтарын қойып жатты. Оларға орнымен орынды жауап қайтарылды.

Бесікке бөлеу рәсімінен кейінгі бесік жыры да бірауыздан көпшілік тарапынан қызу қолдау тапты. Осы жерде бұрынғылар айтып кеткен «Бесік жырын айтатын келін азайса, ел қорғайтын ер азаяды» деген даналық қағидалары ойға орала береді. Сондықтан бесікке бөлеу дәстүрін жандандыру үшін халық болып бұл істі қолға алған абзал. Осынау өзекті мәселені мектеп мұғалімі Тазагүл Хасенова жанды деректер мен дәйектер арқылы жан-жақты баяндады. Бұған көрермен қауымның арнайы жасалған сахналық көріністер арқылы толық көзі жетті.

Аталған іс-шараның айтарлықтай ізденіспен қолға алынғаны жиналған қауымды бір серпілтіп тастады. Бұл жөнінде Қарасай аудандық «Асыл ана» ұйымының төрағасы Ұлтай Бархинова, Жандосов ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Алмахан Қағазбеков, Райымбек ауылдық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Қыдырбай Әбдіразақ, тағы басқа қатысушылар сөз сөйлеп, жылы лебізін білдірді. Олардың іс-шараға деген айтар алғысы көп болды. Игі шара халықтың көңілінен шықты.

Қанат ТӘКЕБАЕВ
Әйтей ауылы,
Қарасай ауданы

ХАБАРЛАМА

АБАЙЛАҢЫЗ: ГАЗ ҚҰБЫРЫ!

Алматы, Жетісу, Жамбыл, Түркістан облыстарының және Шымкент қаласының аумағы арқылы компрессор станцияларды, сондай-ақ диаметрі 1000-нан 1200 мм-ге дейінгі жоғары қысымды «А», «В», «С» желілерін қамтитын «Қазақстан-Қытай» магистральды газ құбырының Бірінші учаскесі (бұдан әрі – Газ құбыры) өтеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.06.2008 ж. №651 Қаулысына сәйкес Газ құбыры Қазақстан Республикасының стратегиялық нысан болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 118, 121-баптарының, Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңының талаптарына сәйкес Газ құбырын іске пайдаланудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және Газ құбыры мен оның нысандарының бүлінуі мүмкіндігін болғызбау үшін олардың айналасында мынадай күзет аймақтары белгіленеді: Газ құбыры желісінің бойында – құбыр өсінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде - құбыр осінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; компрессор станцияларының бойында, ГӨС – барлық жағынан 100 метр.

Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңының 14-бабының 5-тармағына сәйкес Газ құбырының күзет аймағында тыйым салынады:

1) өткелдерді, қара жолдарды және Газ құбыры желісі мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін «Азиялық Газқұбыры» ЖШС-мен келіспей, орнатуға;

2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі 35 см аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

3) «Азиялық Газқұбыры» ЖШС салдырған, Газ құбырына қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Газ құбырында өртке қарсы және күзет жұмыстарын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына кедергі келтіруге;

4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

7) «Азиялық Газқұбыры» ЖШС келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге. Сондай-ақ **ҚР ЕК 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар», Қазақстан Республикасы энергетика Министрінің 22.01.2015 ж. №33 Бұйрығымен бекітілген Магистральды газ құбырларын іске пайдалану Ережелеріне, ЕАЭО ТР 049/2020 сәйкес жерасты газ құбырларының осінен, компрессорлық станциялардан нысандарға, ғимараттарға, құрылыстарға дейін ең қысқа қашықтық аймақтары (қауіпсіздік аймақтары) көзделеді** (жерасты газ құбырларының осінен елді мекендерге, жекелеген өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына дейін – 300 метрден кем емес; компрессорлық станциялардан елді мекендерге, жекелеген өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына дейін – 700 метрден кем емес).

Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңына сәйкес құрылыс нормалары мен ережелерінде белгіленген ең қысқа қашықтық шегінде магистральды құбырға жатпайтын кез келген нысандарды салуға тыйым салынады.

Қандай да бір жекелеген өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруды жоспарлау кезінде Газ құбыры нысандарының күзет аймақтары мен ең қысқа қауіпсіз қашықтық аймақтары бойынша жоғарыда көрсетілген талаптарды мүлтіксіз және қатаң сақтау қажет.

Жоғарыда көрсетілген нормалар мемлекеттік нормативтер жүйесіне кіреді және барлық шаруашылық қызмет субъектілерінің сақтауы үшін міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасы энергетика Министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №33 Бұйрығымен бекітілген Магистральды газ құбырларын іске пайдалану Ережелеріне сәйкес күзет аймақтарында жұмыстардың орындалуын бақылауды және ең төмен қашықтық аймақтарда (қауіпсіздік аймақтарында) жұмыстарды жүргізуге келісуді белгіленген талаптарға сәйкес газ тасымалдау ұйымы («Азиялық Газқұбыры» ЖШС) жүзеге асырады.

Газ құбыры арқылы арнайы орнатылған өткелдер жоқ жерлерден өтуге тыйым салынады!

Осыған байланысты, Газ құбыры қауіптілігі жоғары нысан болып табылатындықтан, Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің, Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңының және Газ құбыры нысандарының күзет аймақтары мен ең қысқа қауіпсіз қашықтық аймақтары (қауіпсіздік аймақтары) бойынша Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтамау материалдық залалдарға және адам өліміне әкелетін төтенше жағдайларға әкеп соғуы мүмкін. Қазақстан Республикасы заңнамасының Газ құбыры нысандарының күзет аймақтары мен ең төмен қауіпсіз қашықтық аймақтары бойынша талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының күзет аймақтары мен Газ құбыры нысандарының ең қысқа қауіпсіз қашықтық аймақтары бойынша заңнамасының талаптарын атқару тек құбыр тасмалы кәсіпорындарының ғана емес, жергілікті билік органдарының, сондай-ақ Газ құбыры желілері өтетін / Газ құбыры нысандары орналасқан аумақтарында жұмыстарды немесе қандай да бір іс-қимылдарды орындайтын ұйымдар мен азаматтарға міндетті болып табылады.

Газ құбырының күзет аймағында жұмыс жүргізуге рұқсат алу үшін және ең қысқа қашықтық аймақтарда (қауіпсіздік аймақтарында) жұмыс жүргізуді келісу үшін Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазтай Ұлтарақов атындағы ауыл, «Алматы» Газ тасымалдау басқармасы мекен-жайына жазбаша хабарласу қажет. Ұялы телефон: +7 707 471 25 51; +7 777 999 98 38.

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС бас кеңсесі Алматы қаласында, Абай даңғылы, 109В, «Globus» БО-да орналасқан. Диспетчер телефоны: +7 (727) 393 02 65; +7 (727) 393 02 67.

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰҢҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

Веб-сайт редакторы:
Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25
Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН 8 771 847 37 26

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жаухар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 2631

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823.
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Құралбек СӘБИТОВ